**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 95 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қараша N 1255

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өзбекстан Республикасының Америка Құрама Штаттары мен Германия Федеративтік Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы уран концентратының транзитіне рұқсат беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 95 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2002 жылы уран концентратын жөнелту кестесінде (тоннамен):

IV тоқсан деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| IV Тоқсан | 53 | 62 | 115 |
| Қазан | 53 | 62 | 115 |

Тасымалдау 20 тонналық контейнерлерде темір жол көлігімен жүзеге асырылады.

Шекаралық өту станциясы: Шеңгелді (Қазақстан Республикасы) - Озинки (Ресей Федерациясы) ";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| IV Тоқсан | 500 | - | 500 |
| Қазан | 90 | - | 90 |
| Қараша | 205 | - | 205 |
| Желтоқсан | 205 | - | 205 |

Тасымалдау 20 тонналық контейнерлерде темір жол көлігімен жүзеге асырылады.

Шекаралық өту станциясы: Шеңгелді (Қазақстан Республикасы) - Локоть (Ресей Федерациясы)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК